

**"ККУ Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Прапорщиково ауылы маңында Ертіс өзенінің түбін тереңдету, жағалауын нығайту жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 7 шешімі

"АККУ Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Қайрат Сандыбаевич Дюсуповтың өтінішін, "Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Прапорщиково, Уварово ауылдарында, Глубокое кентінде Ертіс өзенінің түбін тереңдету, жағалауын нығайту жұмыстарына № 01-01-2024 ППР" жұмыстар өндіру жобасын, 2024 жылғы 21 қазандағы іс-шараларды орындау бойынша өзара ынтымақтастық туралы Меморандумды қарастырып, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19, 69-баптарын басшылыққа ала отырып, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасын басшылыққа алып ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "АККУ Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ертіс өзенінің түбін тереңдету, жағалауын нығайту жұмыстарын жүргізу үшін ШҚО, Глубокое ауданы, Ертіс ауылдық округі, Прапорщиково ауылында орналасқан, алаңы 1,3 га мемлекеттік меншіктегі жер учаскесіне 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Е. Жумагулов*